

**Б. Доскалиев, ҚР ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 3-бағам тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекшісі: А. А. Қалиев, ҚР ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 3-бағам тыңдаушысы азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы**

## **ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЛІТІРІЛГЕН ЗИЯН ҮШІН АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК**

Республиканың құқыққорғау құрылымдары басшыларының кеңейтілген жиналысында еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаевпен «құқыққорғау саласы мемлекетте болып жатқан басқа реформаларды тежемеуі тиіс» деп белгіленіп кеткен. Бірақта азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін шектеу, қызметтік жағдайды асыра пайдалану фактілері әлі де жиі кездесуде.

Бұл орайда ҚР 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасының өзінде, елде құқықтық мемлекет принциптерін одан әрі бекіту процесінде, бір жағынан, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың ең жоғары ықтимал кепілдігіне қол жеткізу, ал екінші жағынан, барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, азаматтар мен ұйымдардың конституциялық міндеттерді бұлжытпай және толық орындалуы маңызды деп белгіленген<sup>1</sup>.

Бірақта құқық қорғау органдары болып табылатын ПО өз қызметтерінде күнделікті өмірдегі жария-құқықтық қатынастармен жиі түйісе отырып азаматтың конституциялық құқықтар мен бостандықтарын және заңды мүдделерін заңды немесе заңсыз бұзу және қол сұғу арқылы зиян келтіретін фактілер де баршылық.

Бұл жағдайды орнына келтіру мен шешу үшін ПО (прокуратура) өздері жол іздейді. Яғни, ПО бөлімшелерінің тиісті деңгейдегі және қызметтердегі қызметкерлерін әр түрлі жауапкершіліктерге тарту арқылы жүзеге асырылып жатады. Жыл сайын жауапкершікке тартылғандардың саны жоғарыламаса төмендемейді және ол әр түрлі көрсеткіштерді ұстап тұрады. Қазіргі таңда бұл мәселенің кешендік сипат алғаны анық және оны шешу әр түрлі әлеуметтік институттар мен тәсілдерді қолданудан көрінеді. Қолда барлардың ішінде ең зиялы, мәдениетті және демократиялық тәсіл болып ҚР АҚ 9-бабында тізбектелген және өз кезегінде азаматтық құқықтың әр түрлі институттарында араласып жатқан азаматтық құқықтарды қорғаудың тәсілі табылады. Олардың бірі болып зиянды өтеу немесе зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттеме институты табылады (АҚ 47 бөлімі).

ҚР ПО немесе оның лауазымды тұлғаларының заңсыз әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян жалпы құқықтық мағынаға ие. Л. А. Прокудинаның мемлекеттік органның немесе оның лауазымды тұлғасының нақты заңсыз әрекеті (әрекетсіздігі) әр түрлі құқық салаларымен реттелетін және қорғалатын жеке немесе заңды тұлғалардың бір емес, бірнеше

субъективтік құқықтарының бұзылуына әкеліп соқтырады, сондықтан оларды қалпына келтіруді бірнеше қатынастардың кешені пайда болады<sup>2</sup>.

Алайда, қазіргі таңда ҚР Конституциясында мемлекеттік органның және оның лауазымды тұлғасының заңсыз әрекеттермен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиянды мемлекетпен төлеу туралы ереже жоқ, бұл өз кезегінде азаматтардың құқығын қалпына келтіру мен келтірілген зиянды өтеудің біртұтас құқықтық институты болып табылатын еді.

Осылайша, заң шығарушыға азаматарға және заңды тұлғаларға мемлекеттік қоғамдық ұйымдармен, және де қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі лауазымды тұлғалармен, оның ішінде анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу мәселелерін қайта қарастыру қажет, мұның өзінде жоғарыда айтылғандай келтірілген зиян үшін жауапкершілік кез-келген заңсыз әрекеттер үшін туындауы тиісті, осыған байланысты заңнаманы қазіргі өмірдің шындығына сәйкес келтіру қажет.

---

<sup>1</sup> ҚР 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы ҚР Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы.

<sup>2</sup> Л. А. Прокудина. Возмещение ущерба, причиненного незаконными действиями правоохранительных органов — Ғылыми-тәжірибелік түсіндірме — М Юридическое бюро “ГОРОДЕЦ”, 1997. — 11-б.